

Әулие Шарбельге Новенна

«Тәңіріміз біздің,шексіз қасиетті! Сен қасиетті дәруіш монахты Иса Мәсіхтің үлгісімен өмір сүруге және өлуге рухтандырдың. Сен оған адамдарды ауру-сырқаудан арылтатын үлкен тірі күш бердің. Тәңірім, Сенен жалбарына сұраймыз,бізді әулие Шарбель іспетті Сені сүюге және қызмет етуге үйрете гөр.Құдіреті күшті Тәңір,өзіңнің қасиетті адамыңа көптеген ғажайыптар мен ұлы рақымшылықтар жасайтын күш бердің,Құдайдың құлына(есімі)назарыңды салып,әулие Шарбельдің ерекше қайырымы мен рақымшылдығын сездіре гөр. Әулие монахтың күші арқылы менің жаным мен тәнімнің ауруларын жаза гөр.

Дәл солай болсын. Әкеміз,Саған мадақ! Аумин»

Бірінші күн

Әке,және Ұл,және Қасиетті Рухтың атына. Аумин.

О,Тәңірім,Сен Шарбельге өткен үлкен сенім сыйладың. Сенен сұраймын, оның қорғаушылығы арқылы, Өзіңнің өсиеттеріңді орындап өмір сүруім үшін нығайта гөр. Менің тілегімді орындай гөр.О,ғажайыптарды жасаушы, әулие Шарбель,сенің мінсіз тәнің бұзылуды жеңіп,әлі күнге дейін Аспанның жұпар иісін таратуда,маған көмекке кел,және Құдайдан мен сұраған рақымды(өтініш-тілек)беруін тілей гөр.

Біз үшін дұға ете гөр,әулие Шарбель.

Екінші күн

Әулие Шарбель,қайғы-қасіретті бастан кешкен,тақуа дәруіш, Тәңіріміз Иса Мәсіх сенен шамшырақ жасады,сенен өтініп сұраймын,мен үшін осы рақымды(...)сұрай гөр., О,әулие Шарбель, сен жұпар иіс аңқыған сауытсың, мен үшін Құдай алдында өтініш айтады деп сенім артамын. Әулие Шарбель даңқын асырған,Барлығын кешіруші Тәңір,оған мен үшін де ғажайып жасайтын билік күшін бере гөр,менің тілегімді оның өтініші арқылы орындай гөр.

Әке,және Ұл,және Қасиетті Рухтың атына. Аумин.

Үшінші күн

О, адамдарды шексіз сүюші әулие Шарбель,шіркеу аспанында жарқыраған жарық жұлдыз іспетті менің жолымды нұрландыр және сенімімді нығайта гөр.Мен сенен сұраймын(тілек). Мұны Исадан сұрай гөр,сен Оның айқыштағы қайғы –қасіретін өзіңнің тәніңді шектеу арқылы толықтырдың. Әулие Шарбель,төзімділік пен үнсіздіктің үлгісі,мен үшін дұға ете гөр. Иса Тәңіріміз, Сен әулие Шарбельді таңдап алып, оған өз айқышын көтеруге көмектестің, маған өмірдің қиындықтарын төзімділікпен және

мойынсұнушылықпен көтеруге батылдық бер,және әулие Шарбельдің қорғаушылығы арқылы Сенің еркінді орындауды бере гөр.
Әке,және Ұл,және Қасиетті Рухтың атына. Аумин.

Төртінші күн

Әулие Шарбель,Құдайға және адамдарға деген махаббатқа толысың, махббатыңды мен үшін де көрсетесің деп толық сенемін. Сенің өтінішің бойынша менің сұраған тілегім(...)орындалсын. О,әулие Шарбель,ізгіліктің бағы,мен үшін дұға ете гөр. Тәңірім, Сен әулие Шарбельге Өзіңе ұқсас болу рақымын сыйладың. Менің рухани өсуіме көмектес және мені кешіре гөр, Сені өмірімнің соңына дейін мадақтап өтуім үшін.
Әке,және Ұл,және Қасиетті Рухтың атына. Аумин.

Бесінші күн

Әулие Шарбель,Құдайдың сүйіктісі,менің ақылыма жарық түсір,маған Құдайға жағуға көмектес және үйрет. Маған жәрдем етуге асыға гөр,шексіз сүюші әке. Сенен Құдайдан осы рақымды(...) сұрауыңды өтінемін. Тәңірім,менің тілегімді ести гөр. Жанымды құтқар, тыныштық бер, жанымның жарасын тыныштандыр. Саған мәңгілік мадақ.
Әке,және Ұл,және Қасиетті Рухтың атына. Аумин.

Алтыншы күн

О,әулие Шарбель, ұлы қамқоршы,мен саған сеніп тапсырған тілегімді орындауды сұраймын. Сенің Исаға айтқан бір сөзің Оның мені кешіріп,аяушылық танытып, дұғама жауап қайтаруына жеткілікті. О,әулие Шарбель,аспан мен жердің қуанышы,мен үшін дұға ете гөр. Тәңірім,Сен әулие Шарбельді Өзіңнің құдіретті күшіңмен бізді қорғау үшін тандап алдың,мен онымен бірге Сені өмірімнің соңына дейін мадақтауым үшін,оның қамқорлығы арқылы маған осы рақымды(...) бере гөр.
Әке,және Ұл,және Қасиетті Рухтың атына. Аумин.

Жетінші күн

О,Әулие Шарбель,барлығының сүйіктісі,мұқтаж етушілердің көмекшісі,Құдай алдында мен үшін қамқоршы болатынына берік сеніммен,саған өзімінің тілегімді(...) айтамын. Әулие Шарбель,адасқанға жол көрсетуші жұлдыз, мен үшін дұға ете гөр. Тәңірім, менің сансыз күнеларым мені Сенің рақымыңнан алыстатады. Маған күнеларыма өкінуді бере гөр. Әулие Шарбельдің қамқорлығы арқылы маған жауап бере гөр.Менің сырқат жаныма қуанышты қайтар,және менің дұғамды тыңдай гөр(...). О,Құдай рақымының бейнесі,Сені мадақтаймыз және алғыс айтамыз.
Әке,және Ұл,және Қасиетті Рухтың атына. Аумин.

Сегізінші күн

Әулие Шарбель, сенің тізерлеген, өзін тыйған, өзін ұстаған және дұғаға берілген күйінді көрген сәтте, менің үмітім мен сенімім артады. Жалына сұраймын, мен сұрап жүрген рақымды Құдайдан тілеп алуға көмектесші. (...) О, әулие Шарбель, Тәңірмен біргесің, мен үшін дұға ет. О, әлемді сүюші Иса, Өзіңнің сүйікті Шарбелінді рухани кемелденуге жеткізген, Сенен, мойынсұна тілеп, алдағы өмірімді Сенің өсиеттеріңе сай өмір сүру рақымын беруді сұраймын. Мен Сені сүйемін, Тәңірім, менің Құтқарушым. Әке, және Ұл, және Қасиетті Рухтың атына. Амин.

Тоғызыншы күн

Әулие Шарбель әке, қазір, тоғызкүндік дұғаның соңында, сенің менің дұғам мен тағдырымда әрекет еткенің үшін алғыс айтамын. Сенің қамқорлығыңа сеніп тапсырған тілегімді Иса орындайды деп үміттенемін. Мен өкінемін және алдағы уақтта күнә жасамауға тырысамын. Мен сұраған тілегімнің орындалуына көмектесе гөр. (...) О, әулие Шарбель, мадаққа бөленген, мен үшін дұға ете гөр. Тәңірім, әулие Шарбельдің дұғаларына ықыластысың, өмірімнің қиын сәтінде маған аяушылық таныта гөр, менің күшім жетпейтін қиыншылықтардан құтқара гөр. Саған, Тәңірім, мәңгі мадақ! Әке, және Ұл, және Қасиетті Рухтың атына. Амин.